

2005 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында облыс аумағындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының мерзімді әскери қызметке шақырылуын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты 2005 жылғы 27 мамырдағы N 16/5 және Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 2 бірлескен шешімдері. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет Департаментінде 2005 жылғы 16 маусымда N 1588 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі N 27 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011.09.26 N 27 Шешімімен

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2005 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" N 1551 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 13-бабына сәйкес облыстық мәслихат пен облыс әкімі **ШЕШТІ:**

1. Шақыру күніне 18 жасқа толған, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқы жоқ ер азаматтарды, сондай-ақ шақыруды кейінге қалдыру құқығынан айырылған азаматтарды 2005 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларға мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. Облыстық шақыру комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Петропавл қаласы мен аудандар әкімдері:

1) аудандар мен қаланың жергілікті өкілетті органдарымен бірлесе отырып, әскери комиссариаттар арқылы мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін;

2) аудандық және қалалық шақыру комиссияларының құрамы және шақыру жүргізудің кестесін бекітсін;

3) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерді (басқарма) шақыру комиссиясының жұмысы үшін үй-жаймен қамтамасыз етсін;

4) азаматтардың қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерге (басқарма) шақыру

комиссиясынан өту және әскерге аттандыру үшін ұйымдасқан түрде келулерін қамтамасыз етсін, осы мақсаттар үшін құлақтандыру тобын бөлсін;

5) автомобиль көлігімен қамтамасыз етсін және қажетті санда техникалық қызметкерлерді бөлсін;

6) көрсетілген іс-шараларды орындаумен байланысты шығындарды жергілікті бюджет есебінен көрсетілген іс-шараларға бөлінген қаражат шегінде іске асырсын.

4. Денсаулық сақтау департаменті:

1) Петропавл қаласындағы облыстық жинау пунктіндегі медициналық комиссияның жұмысын қамтамасыз етсін;

2) шақырылушыларды медициналық куәландыру жөніндегі комиссияны дәрігер-мамандармен, әсіресе тар саладағы мамандармен іріктесін;

3) шақыру комиссиясымен жіберілген азаматтардың медициналық қаралуы үшін емдеу-алдын алу мекемелерінде орындар көздесін.

5. Ішкі істер басқармасы:

1) шақыру комиссиясының құрамына Петропавл қаласының және аудандық ішкі істер бөлімінің басқарушы құрамынан лауазымды тұлғаларды енгізісін;

2) азаматтарды шақыру кезеңінде қорғаныс істері жөніндегі бөліммен (басқарма) қарым-қатынас ұйымдастырсын, шақыру пункттерінде тәртіп пен тәртіптілікті қамтамасыз етсін;

3) шақыру кезеңіне облыстық жинау пунктінде тәулік бойы кезекшілік ететін полиция нарядын бөлсін, темір жол стансасы, жас толықтырушыларды әскерге жинау және аттандыру орындарына күшейтілген нарядтар бөлуін қамтамасыз етсін;

4) жалпыға бірдей әскери міндеттіліктен жасырынып жүрген тұлғаларды іздестіруін, ұстауын жүргізісін. Ұсталынғандарды іздестіру және жеткізу бойынша шығыстарды төлеу осы тұлғалар есебінен жүргізіледі.

6. Петропавл қаласының әкімі облыстық жинау пунктінде азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлардың сатылуын ұйымдастырсын.

7. Мәдениет департаменті шақыру пункттерінде көркем-өнерпаздар ұжымының өнер көрсетуін және әскери-патриоттық тақырыптарға кинофильмдер көрсетуді ұйымдастырсын.

8. Туризм және спорт басқармасы облыстық жинау пунктінде спорттық-бұқаралық іс-шаралар, шақырылушылардың жалпы даярлығы тексерілуін ұйымдастырсын.

9. Шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.В. Развинге жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыстық мәслихаттың XVI сессиясының төрағасы

Облыс әкімі 2005 жылғы
 26 мамырдағы № 2
 мен облыстық мәслихаттың
 2005 жылғы 27 мамырдағы
 № 16/5 бірлескен шешіміне
 қосымша

Облыстық шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ:

Р А З В И Н Сергей Владимирович	комиссия төрағасы, облыс әкімінің орынбасары
Г А Л Ы Г И Н Юрий Борисович	комиссия төрағасының орынбасары қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының уақытша м.а.
	Комиссия мүшелері:
К Р И В О Ш Е Е В А Зоя Ивановна	комиссия хатшысы, облыстық аурухананың мейірбикесі
М А Ғ З Ұ М О В Азамат Белгібайұлы	денсаулық сақтау департаменті бастығының орынбасары
Ж А Р А Я Лариса Григорьевна	Оңтүстік Орал темір жолы бөлімшесі ауруханасының дәрігер-терапевті
С Ұ Л Т А Н О В Талғат Дүйсенұлы	облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары